

ӨНЕРДІҢ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ҚАРТАЮ ҚҰБЫЛЫСЫНА БЕЙІМДЕЛУІНЕ ӘСЕРІ

CSCSTI 13.11.28
UDC 37.035
DOI 10.47940/cajas.v6i2.420

Қанатбек Тауенов¹,
Майдан Әбішев¹,
Толқын Еспенова²

¹ Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті

² Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Өнердің жас ұрпақты тәрбиелеуге әсері тек өнертану ғылыми тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан да қарастырылады, өйткені адам осы өнердің жаратушысы. Оның гүлденуі мен дамуы қоғамның білімділігіне және ең бастысы жоғары мәдениетіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, халықтың көркем мәдениеті және осы шығармалар негізінде немесе солардың әсерімен түсірілген кинематографияның шедеврлері – елдің болашағын тәрбиелеудің қуатты құралы.

Егде жастағы адамдар қоғамның белсенді тобы ретінде өмірлік тәжірибесінің арқасында қоғам эволюциясы үшін не қажет екенін жетік түсінеді. Сапалы зерттеу жүргізу мақсатында геронтология, әлеуметтік бейімделу және өнертану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар іріктеліп, талданды. Мақалада ұсынылған мысалдар қазіргі заманғы көркем әдебиет пен кинематографияның келбетін ашады және бұл аға буын өкілдеріне деген құрметті қалыптастыруға ықпал етеді.

Жас ұрпақтың даналыққа, білімге, рухани мәдениетке құрметпен қарауы мемлекеттің өркендеуінің негізі болып табылады. Мемлекет – оның халқы, тілі, дәстүрлері. Ұлттың мәдени кодын жаңғырту және сақтау кез келген посткеңестік мемлекеттің негізгі басымдығы. Сыншылар мен сарапшылар жоғары бағалаған кейбір шығармаларды талдау осы шығармалармен танысқан жастардың көзқарастары мен сенімдеріне әсер еткен оң мысалдар ретінде негізге алынды.

Көркем әдебиет пен кинематография призмасы арқылы тәрбиелеу үдерісінің тиімділігі отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде атап өтілді. Олардың қарт адамдардың кәрілікке бейімделудегі және жас ұрпақмен қарым-қатынас орнату қиыншылықтарын анықтауға қосқан үлесі өнердің қоғаммен байланысын зерттейтін әлеуметтанушылар мен өнертанушылардың барлық зерттеулерінің негізі болып табылады.

Көптен күткен Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың біртұтас Тәуелсіз мемлекет туралы арманын орындауға апарар жол. Оның болашақ тағдыры жас ұрпақтың қолында, ол осы туды биік ұстап,

оны мүлдем жаңа әлемде мақтанышпен алып жүреді. Ата-бабалар дәстүрін құрметтейтін, қоғамның қарт мүшелеріне құрметпен қарайтын, елдің материалдық және рухани мәдениетімен таныс және оны мемлекеттіліктің негізі деп санайтын жастарға елдің болашағын сеніп тапсыру басымдыққа айналуы керек.

Тірек сөздер: қарт адамдар, жастар, өнер, әдеби шығармалар, кино, тәрбие, ұлттың мәдени коды.

Дәйексөз үшін: Тауенов, Қанатбек және басқа. «Өнердің егде жастағы адамдардың қартаю құбылысына бейімделуіне әсері». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 6, № 2, 2021, 77–92 б. DOI: 10.47940/cajas.v6i2.420.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жер бетін мекендеген адамдардың 1 миллиардқа жуығы 60 жас межесін еңсеріп, қарттыққа бейімделу үстінде. Ол адамдардың басым көпшілігі материалдық жағдайы төмен елдердің тұрғындары. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің онсыз да күрделі нәтижелерін бағындыра алмаған егде жастағы адамдар бүгінгі таңда коронавирус індетінен жапа шегіп жатқан халықтың қалың тобының бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жіктемесіне сәйкес 18 бен 44 жас аралығындағы адамдар – жас адамдар тобына, 45–59 жас аралығындағы адамдар орта жас мүшелері, 60–74 жас болса егделік кезең болып есептеледі. Қазақстан Республикасында орта өмір сүру жасы 68,5 жас (2021 жылғы мәлімет) болып белгіленгендіктен, бұл топқа кіретін адамдар тобының әлеуметтік жағдайын зерделеу өзекті мәселеге айналып отыр. Әрине ДДҰ кәрілік (75–90) және ұзақ өмір сүрушілер (90-нан жоғары) межесіне жететін адамдар тобын да жеке бөліп қарастыруда. Дегенмен, Қазақстан Республикасында ондай адамдар тобы көп емес. Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда елімізде 2 млн-нан астам зейнеткер бар. Олардың 1/2 пайызы денсаулығына байланысты қажетті әлеуметтік-медициналық көмекті үйден алуда.

Қоғамдағы қарттарға деген көзқарастың жағымды ұстанымда

болуы көп факторларға байланысты. Отбасы, бала-бақша, мектеп және басқа да әлеуметтік институттар болашақ ұрпақтың білімі мен мәдениетін ғана жоғарылатып қоймай, сол жас ұрпақтың қарттардан үлгі-өнеге алып, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді. 90-шы жылдардағы орын алған күрделі өзгерістер бұл сабақтастық тамырына балта шауып, құндылықтар дүниесіне жаңа көзқарастар тугызды. Алдымен саяси аренада алып одақтың ыдырауы, тізбектеле орын алған экономикалық құлдырау және әлеуметтік тұрмыстың төмендеуі халықтың барлық тобының алдына жаңа жағдайға бейімделу міндетін қойды. Бұл жағдай қарттарға ерекше ауыр тиіп, тек қана қартаюға ғана емес, қоғамға бейімделу жағдайын туындатты.

Әлеуметтану, психология, физиология және биология ғылымдарының зерттеу объектісіне айналған қарт адам жаңа экономикалық формацияда тәуелді тұлғаға айналып, қоғамның ерекше құрметке лайықты мүшесіне емес, экономикалық ғылым анықтағандай, қоғамда белсенділігін жоғалтқан және экономикалық ауыртпалыққа айналған субъектілер қатарына жатқызылуда. Қоғамда қарттыққа және қартаюға теріс көзқарастың қалыптасуы көбіне батыстық мәдениеттің экспансиясымен байланыстырылады. Дәстүрлі қазақ қоғамына жат қарттар үйі санының күрт өсуі де құндылықтар дүниесінің алмасуымен ерекшеленеді. Ал біз сан ғасырлар бойы «қариясын сыйлаған, жетімін жылатпаған, жесірін

қаңғыртпаған, ана сүтін ардақтап, ата салтын салмақтап өскен елміз» (Жанатаев, Әзиева).

Қартаюды қоғамның жетістігі деп білетін қазақ қоғамы, егде жастағы адамдарға әрқашан құрмет көрсетіп, төрінен орын берген. Нарықтық экономиканың ауылдық мекендердің тұрмысына әкелген зардабы, ауыл халқының қалаларға жаппай қоныс аударып, мегаполистердің тұрмыс-тіршілігіне үйренісуі, жаппай жұмыссыздық пен жастардың дәрежесі төмен қызметпен айналысуы ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың жойылуына әкеп соқты. Бұл жаңа қоғамда қарт адам зейнет жасына шыққан сәттен қоғамнан аластатылып, дербес субъект ретінде әрекет етуде. Өмірінің басым бөлігін қызметте өткізген қария өзі үшін туындаған жаңа шынайылыққа үйренісе алмайды. Оларға көмек көрсетуі тиіс отбасы, қоғам және мемлекет «артылған жүкке» немқұрайлы қарап, міндетін материалдық қажеттілікті қанағаттандырумен ғана байланыстырады.

«Қазіргі Қазақстанның жастары — ескі жүйенің күйреуі, саясаттағы, экономикадағы және әлеуметтік саладағы түбегейлі және өте қиын реформалар жағдайында өскен жаңа ұрпақ» (Kulmagambetova 243). Ұрпақтар арасында орын алған түсініспеушілік пен қақтығыстар қарттардың бір тобының ауыр психикалық ауруларға шалдығуына, ал екінші тобының қарттар үйінің тұрғыны кейпін кешуіне әкеп соғуда. Бұл тығырықтан шығудың басты бір шешімі — қоғам арасында қарттық пен қартаюға деген көзқарасты өзгертіп, қоғамның кәрілікті — данышпандық, тәлім-тәрбие көзі ретінде қабылдауында. Бұл қызметті қазіргі қоғамда өнердің түрлі жанрлары біртіндеп қолға алуда. Оның ішінде бүгінгі ғылыми жұмыстың басты тақырыбына айналған — әдебиет пен кино өнерінің өз туындыларында қарттар бейнесін кескіндеуі, болашақ

ұрпақ санасында негіз ретінде қалыптасуы мүмкін. Жас ұрпақты өнер туындылары арқылы жаңашырлыққа, мойынсұнуға, құрметтеуге тәрбиелеу егде жастағы адамдардың елдегі дәрежесін жоғары деңгейге көтеріп, олардың қартаюға және жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделуін жеңілдетеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеп, оны толыққанды «жеке тұлға» ретінде қалыптастыру әдеби шығармалардың негізгі желісі. «Қазақ әдебиетінде жеке тұлға өз Отаны мен елінің қорғаушысы болып табылатын жеке тұлға және басқаларға қамқорлық жасай алатын адам ретінде бірқатар мағынада қолданылады» (Tolen, Mantayeva, Alimzhanova, Gabitov 96). Яғни, тек тәрбиесі жақсы адам ғана «жеке тұлға» бола алады. Ал, жақсы тәрбиені адами құндылықтарға үйрететін шығармалар ғана бере алады.

Гипотеза 1

Жастардың қарт адамдарға деген құрметін қалыптастыру мәселесі болашаққа деген сеніммен қараудың негізгі факторы. Адам әлеуетін дамыту және Қазақстан халқының рухани жаңғыруы ұрпақтар арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығын анықтайды. Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі жастардың үлкендерге құрмет көрсетуінің көрінісін әдебиет және кино өнері арқылы жеткізу ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіреді. «Әрбір ұрпақ өзара байланыс пен өзара тәуелді іс-қимыл үдерісінде ғана әлеуметтік қауымдастық ретінде қалыптасады. Яғни, жаңа буын тек алдыңғыға ғана емес, сонымен қатар алдыңғы буын да жастарға қолдау көрсете алады» (Яковенко, Ковалева).

Гипотеза 2

Жастар бойында егде жастағы адамдарға құрметпен қарауды қалыптастыру әлеуметтік институттардың, білім беру ұйымдарының, қоғам мүшелерінің мақсатты қызметін ұйымдастыру арқылы

мүмкін болады. Бір жағынан отбасы мен қоғам жас ұрпақтың элитарлы мәдениетке деген қызығушылығын тудыратын негізгі субъектілер болса, мемлекет сол элитарлы мәдениеттің сапалығын қарастыратын және оның дүниеге келуіне демеуші болатын басты институт.

Әдістер

Мақалада авторлар егде жасқа жеткен азаматтардың бейнесін әдебиет және кино өнерінде сомдалуын талдап, сол арқылы қарттардың әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуінің тәрбиелік шарттарын анықтады. Бұл өнер саласында бар туындылардың қажетті зерттеу әдістерімен талдану жұмысы болды. Сонымен қатар, авторлар таңдалып алынған тақырыптың жаһанауи маңыздылығын ескеріп, болашақ зерттеушілерге қажетті негіз бола алатындай қорытынды жасауға тырысты. Атап айтқанда, шетелдік және отандық туындылардың ішінде ең танымалдылары таңдалып алынып, олардың тәрбиелік мәні мен ұрпақтар сабақтастығында латын орны туралы тұжырым жасалды.

Алынған деректердің нәтижелері бойынша қарттардың бейімделу үдерісіне оң және теріс әсер ететін факторларға талдау жүргізілді. Жинақталған ақпарат магистранттардың дипломдық жұмысына қажетті материалдар қоры ретінде қолданыла алады.

Нәтижелер

Бүкіл әлемде орын алып жатқан халықтың қартаю үдерісі қайтарымсыз үдеріске айналып бара жатыр. Бұл демографиялық өзгеріс қоғам өмірінің барлық салаларына ықпал етеді. Еңбекке қабілетті адамдар санының күрт төмендеуі барлық елдер алдында зейнет жасын көтеру мәселесін қояды. БҰҰ да қоғамды жаңа шынайылыққа бейімдеу мәселесі төңірегінде іс-шаралар тізімін

даярлау үстінде. Қарттықты мықты денсаулығымен, бай тәжірибесімен қарсы алу басты мәселеге айналуы тиіс. Мемлекеттерге берген ұсынысында БҰҰ бірқатар маңызды мәселелерді алға қояды. Олардың қатарында — қартаю мен кәрілікке деген қоғам мүшелерінің көзқарасын өзгерту, адамдардың өз денсаулығына деген күтімін арттыру, дұрыс қартаю мәселесін алға қою, қоғамда егде жастағы адамдардың әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау, медициналық-әлеуметтік мекемелерде қарттарға қажетті көмек сапасын еселеу. Бұл іс-шараларды жүзеге асыруға қоғамның барлық институттары белсенді атсалысуы қажет. Қарттардың бейнесін білім мен ағартушылықтың көзі ретінде аңғарту, олардың бай өмірлік тәжірибесін қоғамның дамуында қолдану мемлекет пен қоғамның міндеті.

Қартаюға оң көзқарасты қалыптастыру, яғни толеранттылық таныту — бұл ұрпақтардың қоғамдағы үйлесімді өзара әрекеттесуін, егде жастағы адамдардың қартаюға әлеуметтік бейімделуінің ұтымды бағыттарын анықтау мүмкіндіктерін, жастардың болашақта өздерінің де қартаю мәселесін сындарлы қабылдауын қамтамасыз ететін тетіктердің бірі. «Қартаюға деген толерантты көзқарас кем дегенде үш нысанда көрінеді:

1. Жас ұрпақ немесе жалпы қоғам тарапынан егде жастағы және қарт адамдарға деген толеранттылық;
2. Егде және қарт адамдардың өз қартаю фактісіне толеранттылығы;
3. Жас және орта жастағы адамдардың болашақ қартаюына деген толеранттылығы (Сергеева 4).

Ерте ме кеш пе қартаю үдерісі әр адамның өмірінен орын алады. Қарттыққа бейімделудің қаншалықты жеңіл өтетіндігі отбасы мүшелеріне байланысты. Алайда, көп жағдайда бұл көмек материалды қолдаумен шектеледі. Қазіргі заманның тәрбие көзіне айналған ғаламтор қоғамда орын алатын қатынастар

мен құбылыстарға әсер ету жағынан алғашқы орында. Бұл ғаламат күшті тәрбиелік маңызда пайдалану бірқатар шектеулерге тап болуда. Оның алғашқысы жастардың контент таңдаудағы дербстiгi болса, екiншiсi тәрбиелік маңызға ие контенттің аз болуы. Сонымен қатар, кітап бетін тек мектеп табалдырығында ашуды меңгерген жастар, сабақтан тыс уақытта әлеуметтік желілер әсеріне тап болуда. Бұл бағытта біздің ойымызша мынадай шаралар қолға алынуы тиіс. Отбасы тарапынан балалардың техникалық құрылғыларды қолданудағы мөлшерінің болуы, мектеп тарапынан — «100 кітап» жобасының мотивациялық ықпалын қарастыру, қоғам тарапынан балаларға тәрбие берер қарым-қатынас орнату, ал мемлекет балалардың әлеуметтік желілерден босаған уақытын қамту мақсатында өнер кружоктарын, спорт секцияларын және ең бастысы теледидар мен кітап беттері арқылы берілетін материалдардың тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлу.

Әдебиет және кино тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін ерекше құрал. Бала кезінен кітап беттерінен қоршаған орта туралы білім алатын жас ұрпақтың санасына алған әсерлер өмір бойында ықпалын тигізеді. Цифрлық технологиялардың дамуы өнердің ең жас түрі кино саласына ерекше назар аудартуда. Сол кітап беттеріндегі романдар мен повестердің экранизациялануы ең тартымды жанрлар қатарында. Оның басты себебі, шынайлық пен ашықтық.

Қазіргі заманғы қоғамның сандық технологиялар дәуіріне аяқ басу жағдайында кино әлемнің бет-бейнесін құрастыратын, құндылықтар дүниесін дәріптейтін, көрерменнің мінез-құлқы мен жүріс-тұрысына әсер ете алатын ықпалды бұқаралық ақпарат құралына айналуға. Бұл ғылыми зерттеу арқылы фильмдердің жастар тобына әсер етуінің өзекті мәселесі көтеріліп, олардың

қарттар бейнесін сомдау арқылы қоғам ішінде жағымды пікір қалыптастыру идеялары көтерілді. «...киноның психологиялық әсері бар. Шынында да, киноның әсерінен күлімсіреу немесе көз жас, қуаныш немесе қайғы, толқу немесе тыныштық сезімі туындаған түрлі сезімдер мен эмоциялар пайда болады» (Букина 4).

Қазақстандық кино өнерінде соңғы кезеңде көңіл толарлық киноленталар көптеп түсірілуде. Оған Республикамызда 2019 жылы 03 қаңтарда қабылданған «Кинематография туралы» заң да әсер етті. Осы заңның преамбуласында: «әлеуметтік маңызы бар фильмдер — қоғамның патриоттық, рухани-адамгершілік, зияткерлік және мәдени әлеуетін арттыруға, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған өзекті, оның ішінде тарихи фильмдер» (7), делінген. Яғни өскелең ұрпақтың санасына тәрбиелік ерекшелігімен ықпал ететін киноленталарға ерекше назар аударылатындығы белгіленген. Бұл мәселе Президентіміз Қасымжомарт Тоқаевтың да ерекше назарында. Қазақстан Президенті сапалы әдеби туындылар мен кинофильмдердің жарық көруін бірқатар тұлғалармен үнемі талқылауда. Олардың қатарында жазушы-драматург Смағұл Елубай, Қазақстан кинематографистер одағының төрағасы Ермек Тұрсыновта бар.

Қарт адамның телеэкран арқылы бейнесін сомдаған киноленталар қатарына соңғы жылдары жарық көрген «Шал», «Шырақшы», «Многододный», «Анаға апарар жол» фильмін жатқызуға болады. «Шал» кинотуындысын бұқара халыққа ұсынар алдында Ермек Тұрсынов кинолентаның ойлау және талдауға бейім адамдарға арналатындығын басып айтқан. Э. Хэмингуэйдің «Шал мен теңіз» шығармасынан туындаған кинолентаның, терең философиялық мәні бар. Адам рухының күшін бейнелеген шал образы бүкіл қазақ халқының өмір салтымен байланыстырылады. Табиғат

пен қоршаған ортаға қамқорлықпен қарай білген халықтың бір адамның кейпі арқылы берілу үлгісі, кинолента барысында адам санасында орын алған өзгерістер болашақ жастарға өнеге болуға тұрарлық. Болашақ ұрпаққа қамқорлықты бала мен атасының қарым-қатынасы негізінде байқауға болады. Атасының баласына айтқан нақыл сөздері, үй шаруашылығын жүргізуде берген кеңестері, жалпы қарапайым тұрмысының өзі кішкентай баланың қиындықтар төзу, адамгершілікке ұмтылу қасиеттерін дамытты. Аталмыш режиссердің «Шырақшы» атты жаңа туындысы қария өмірінен үзінділерге толы. Бас кейіпкердің тағдырына соғыс, одан кейінгі қиын-қыстау кезең, жақындарынан айырылу сияқты ауыр жағдайлар жазылғанымен оларға төтеп бере алған «шырақшы» өз заманының бетке ұстар тұлғасы. Қасиетті жердің тазалығына аса мән беріп, бұл іске жауаптылықпен қараған қарияның тұлғасы ағартушылық қызметпен толықтырылып, жастардың бойында үлкен құрмет көрсету қасиетін туғызады. Мейірімділік пен жарқын болашақтың бейнесіне айналған қария ауыл аралап жергілікті халық арасында үлкен әлемге есік ашуда. Қарияның ролін сомдаған актер Мұрат Мұқажанов Анапа қаласында өткен «Киношок-2019» фестивалінің «Кино өнері қызметшісінің поэтикалық бейнесін сомдағаны үшін» бас қазылар алқасының арнайы дипломын иеленді (Турсунов).

Бүгінгі таңда кино тек қуатты бұқаралық коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар жастардың бос уақытын өткізудің құралы. Еліміздің ірі қалаларында кинотеатрлар көптеп ашылып, оларда көрсетілер кинотуындылар ішінде қазақстандық фильмдер көптеп көрсетілуде.

Жастар санасына фильмдердің әсерін зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар көбіне олардың негативті әсерін алға тартады. Мысалы, олар

көбіне жағымсыз мінез-құлық пен қоғамға жат қатынастарды дәріптейді. Дегенмен, киноның оң ықпалына қатысты зерттеулерді де ескермей қоюға болмайды. Себебі, отандық режиссерлердің авторлық кинотуындылары қоғам мүшелерінің барлығына дерлік позитивті әсер етеді.

Танымал қазақстандық режиссер Ақан Сатаевтың «Анаға апарар жол» атты картинасы ерекше патриоттық сезімге толы туынды. Отан мен борыш, ана мен бала қатынасы философиялық ізденістер арқылы әрбір қазақстандық жүрегінде өшпес із қалдырды. Алғашқы идея мен оның жүзеге асырылуы арасындағы байланыс туындының танымалдылығына жол ашты. «Анаға апарар жол» фильмі жас ұрпақтың санасында жақындарымен орныққан қарым-қатынасты жаңғырту жолдарын қарастыруды, олар туралы пікірлерін өзгертуді, ескі реніштерді ұмытып, жаңа өмір бетін ашуға шақырады. Анаға құрметпен қарап, қызмет пен мансаптың сонында жүргеннің орнына ана алақанын ұстап, батасына ие болуды армандау қажеттігін алдыңғы орынға қояды. Бұл туындыда ана мен бала қатынасы арқылы бұл дүниедегі ең қымбат нәрсенің — отбасы екендігін ұмытпау қажеттігі сипатталады.

Жартығасырға созылған оқиға желісі тарихи оқиғалардың ауыр кезеңдеріне сипаттама береді. Ұжымдастыру, жұт, сталиндік репрессиялар, екінші дүниежүзілік соғыс, тылдағы ауыр жұмыстар, сталиндік лагерьлер халықтың, әсіресе жас ұрпақтың санасында мәңгілікке сақталуы керек.

Ғылыми жұмысымыздың өзегі болып табылатын қарттар үйіндегі жағдайдың сипатталауын Жеңісхан Момышевтің «Многодедный» картинасынан кездестіре аламыз. Әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынас тақырыбы қай кезеңде болмасын өзектілікке ие. Кәрілік тауқыметін қарттар үйінде тартуға мәжбүр қариялар тағдыры алаңдатпай

қоймайды. Бұл тақырыпты көтерген режиссер өз фильмін комедия жанрында ұсынғанымен, жастардың назарын аударып біліп, өзекті мәселе төңірегінде ой тарқата білді. Әрине коммерциялық киноның әлсіз жақтары да жеткілікті, дегенмен қазіргі жастар тіліне келтірілген фильмнен болашаққа сабақ алатындай үлгісі де жетерлік. «Комедиялық жанрда түсірілген киноленталар эмоционалды бәсеңсу мен демалу құралы ретінде танылғанымен, көзқарастар мен мақсаттардың өзгертуіне ықпал ете алады» (Кубрак 180).

Хабар агенттігінің қолдауымен түсірілген «Қария атты» телехикаясы қарттар үйіне қатысты мәселені ең жоғары деңгейде көтеріп, шынайы өмірден алынған оқиғаларды қамтыды. Телефильмнің режиссері Асхат Мұсабайдың айтуынша, бұл жоба ата-әжелерін қарттар үйіне өткізу туралы ойлап жүрген азаматтардың орайынан қайтуына септігін тигізеді деген үмітпен түсірілген (Өрісбай).

Жалпы, дәстүрлі қазақ қоғамында қарттар үйі деген ұғымның өзі болмаған. Бұл үдерістің себебі, жаһандану мен батыстандыру үрдісінің етек алуында. Абай аталарының шығармалары негізінде емес, батыстық бестселлерге негізделген

тәрбие алған жастар «ешкім ешкімге міндетті емес» деген ұстанымды жалау ететін болды. Айн Рэндтің әлемге әйгілі шығармасы «Егер ол өзінің байлығын өзі тапқанын және оның өзіне және тек өзіне тиесілі екенін ешқашан ұмытпаған болса...» (Рэнд 54) сияқты философиялық тұрғыда адам психологиясына терең, астыртын әсер ететін цитаталарға толы. Бұл шығармамен қуана танысып жатқан қазақстандық жастарда еңбекқорлық пен жетістікке жету ұстанымымен қатар, «мен ешкімге ешнәрсе міндетті емеспін» ұстанымының қалыптаспауына кім кепіл. Әлі қалыптасып үлгермеген жас тұлға психологиясына капиталистік қоғам кертартпаларын кім түсіндіріп бере алады. Сондықтан да, жастарымызды өзіміздің төл әдебиетімізбен таныстыру арқылы тәрбиелеу, қанымызда бар салт-дәстүрлерімізді сақтап қалудың, ұлттық кодымызды табудың кепілі.

Атақты қазақ жазушысы Төлен Әбдіқовтың қылқаламынан шыққан «Әке» повесті жастық пен кәрілік тақырыбын одан әрмен дамытып, өмірдің санаулы сәттерін сипаттау арқылы оқырман санасына ой салады. Әрдайым өмірдің мәнін алдағы болашақтан іздейтін жас ұрпақ бір сәтке уақыт ағымын тоқтатып, өткен өмір мен алдағы уақытқа

1 кесте. Қазақ өнерінде қарт бейнесін сомдаудың тәрбиелік мәні

Туындының тәрбиелік мәні	Шығарма атауы
Фильмдегі кейіпкерлер мен уақиғалар терең философиялық мағынаға ие. Тұтас идеялық өзекке біріккен тағдырлар адам өмірінің мәніне жол ашады.	Ермек Тұрсынов «Шал»
Өткеннің бейнесін жаңғырту арқылы болашаққа есік ашқан қарт бейнесі тек жарық сәуленің жылуы іспеттес.	Ермек Тұрсынов «Шырақшы»
Тек ана ғана сәбиін 9 ай құрсағында, 3 жыл алақанында, өмір бойы жүрегінде көтеріп жүреді.	Ақан Сатаев «Анаға апарар жол»
Тағдырдың тәлкегінен қарттар үйін мекендеген егде жастағы адамдарға деген көзқарастың трансформациясы олардың қартаюға, интернат үйіне, қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.	Жеңісхан Момышев «Многодедный»
Адамгершілікке, ізгілікке, мейірім мен еңбексүйгіштікке кітап арқылы тәрбиелеуге қол жеткізген жазушы ерең еңбегімен халық жадында мәңгі сақталады.	Төлен Әбдіқов «Әке»
Үлкендерді сыйлау, ананы қастерлеу, сенімге лайықты болу, үмітті ақтау басты парыз.	Ғабит Мүсірепов «Ананың анасы»

көз тастап, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын ескереді.

«...жазушы қай кезеңнің оқиғаларын арқау етпесін, алдымен адам тағдырын, оның тыныс-тіршілігін, өмірдегі күрестартысын, әлеуметтік ортадағы әрекетін, қоғамдағы алар орнын тереңнен аршып танытуға мақсат етеді» (Жұмагелдин).

Әкенің арманы өз баласые ел қатарына қосу, көштен қалдырмау, еліне адал қызмет ететін азамат тәрбиелеу. Повестьпен тануысу барысында әрбір әкенің осындай арманы «өзім жетпеген жерге балам жетсе екен деген ой болды» сөйлемінен аңғаруға болады (Әбдікұлы 115).

Автор мен оқырман арасындағы көрінбес көпір ретінде берілген кейіпкер бейнесі бірте жаңашырлық, бірте қатыгездік сезімдер туғызады. Екі жақты сезім тудыра білген шығарма оқырман тарапынан сынға да ұшырауы мүмкін. Дегенмен, ешкімді енжар қалдырмасы айдан анық.

Көркем әдебиеттің арқасында біз қоршаған дүниені танимыз, құбылыстар туралы пікір қалыптастырамыз, адами қатынастарды жаңа қырынан танимыз, рухани дүниемізді байытамыз.

«Жас адам өзінің жасына және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өзін өнер туындыларының кейіпкерлерімен салыстыруға, теңеуге, сахнада, экранда немесе кітапта болып жатқан оқиғаларды өзімен байланыстыруға, шығарма авторының қиялымен жасалған иллюзия әлеміне енуге бейім» (Пушкина 152).

Қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтың шығармасына тоқтамай кету біз үшін үлкен ғапілдік. Сонау 1933 жылы жазылған «Ананың анасы» шығармасы ана құдіреті тақырыбындағы әңгімелер қатарына кіреді. Баласының тағдыры үшін өз өмірін қиюға дайын ананың бейнесі, жастар бойында отбасылық құндылықтарды жоғары бағалау қасиетін сіңіреді. Ананың махаббаты, ананың тілегі, тіл біткен

жүрегі жау қолына түскен қызын аман сақтап, бостандық сыйлайды.

Ананың бейнесін сомдау қай уақытта болмасын үлкен әсер ету күшіне ие. Өйткені қарт адамдарға деген құрмет көрсету қасиетінің қалыптасу негізі біздің ойымызша, отбасы мен мектеп табалдырығындағы алған тәрбиемен ұштасады.

Пікірталас

Қарт адамдар және олардың тұлғасы әртүрлі ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Өнер туындылары арқылы егде жастағы адамдардың бейнесін тәрбиелік мәнде сомдау олардың қоғам мен қартаю үдерісіне бейімделуін жеңілдетеді. Кітап беттерінде сипатталған ана мен әке бейнесі көркем шығармалар арқылы халық жүрегіне жетіп, үлкен тәрбиелік мәнге ие болады.

Біздің ойымызша, қартаю – біртіндеп жүретін үдеріс іспеттес. Ол жылдарға созылып, сәттермен байланыстырылады. Егер қартаю үдеріс эволюцияның бір бөлігі ретінде қарастырсақ, онда басқа даму үдерістері сияқты оны үздіксіз үдеріс деп қабылдау қажет. Кәрілік пен қарт адам анықтамасын нақты айқындау мүмкін емес. Себебі, қартаю біртіндеп жүретін, бастауы жоқ, бірақ аяғы мәлім үдеріс (Лосева 29).

Қартаюды тек сыртқы ерекшеліктер арқылы анықтауға болмайды. Себебі, бүгінгі таңда шашына ағы ерте түскен немесе денсаулығына байланысты қарт адамның кейпін жабынған адамдар көп. Сол сияқты қарттар туралы да бірқалыпты пікір қалыптастырып, оны ұстануға болмайды. Әр дәуреннің өз жастары бар болғандай, әр дәуірдің өз қариялары бар. Дегенмен, бір нәрсе заман өзгерсе де мәңгі өзгеріссіз қалуы тиіс, ол қарт адамға деген қамқорлық пен құрмет.

Үлкендерді құрметтемеу өз кезегінде отбасы институтының толыққанды қалыптасуы мен дамуына, қызметтік

қатынастар иерархиясының мүлтіксіз жұмыс істеуіне кедергі жасайды. Егде жастағы адамның қоғамдағы және отбасындағы орны мен роліне арналған ғылыми жұмыстарда қартаюдың адам психологиясына әсері мен қоғамның қарттарды қабылдау спецификасы иерең зерттелген. Ол зерттеулердің қатарына С. Т. Төлеуханованың, Ю. О. Булуктаевтың, А. Қ. Ешманованың, В. В. Юрицинның, Р. Г. Ивановтың жұмыстарын жатқызуга болады. Бұл салада ерең еңбек атқарып келе жатқан ғалымдар еңбектеріне біздің үлесіміз, қарттаю үдерісіне қоғам, оның ішінде әсіресе жастардың көзқарасының қалыптасуына өнер арқылы әсер етудің өзектілігін көтерумен байланысты.

Қорытынды

Өнер халықтың рухани қазынасы. Өнер туындылары қай уақытты алмасаңыз ұрпақ тәрбиелеуде ерекше маңызға ие болған. Халық ауыз әдебиеті арқылы халқының рухын сезінген сәби, өсе келе оның материалдық мәдениетімен танысып, оны келесі ұрпаққа жеткізеді.

Дәстүрді мықты ұстанған қазақ халқы ауыл үлкендерін әрқашан құрметтеп, төрін берген. Сол сабақтастықты жалғастыру бүгінгі өнердің демеуімен де іске асып жатыр. Өнер туындылары бетінде қарт бейнесін жоғарыда аталған әдіс-тәсілдермен сомдау болашақ ұрпақтың тәрбиесін дұрыс бағыттауға және ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Өнермен қарым-қатынастағы негізгі құндылықтар қатарына – элитарлы өнер ретінде әдебиетке, отандық кино өнеріне қызығушылық пен құрмет сезімін ояту, рухани мәдениеттің дамуына ықпал еті, ұлттық кодты түсінудің жолдарын игеру, тұтас көркем шығарманы, кино туындысындағы философиялық ойды қабылдауды жатқыза отырып, көркем әдебиет пен киноның ерекше ықпал етуші құрал ретіндегі маңыздылығын көтеру идеясы бүгінгі жұмыстың басты мақсаты. Бір мақала көлемінде мұндай өзекті мәселені тарқату мүмкін болмағанымен, оны болашақ диссертациямның беттерінде толықтай ашу жұмысын одан әрмен жалғастырамыз.

Авторлардың үлесі

Қ. Е. Тауенов – зерттеу тұжырымдамасының негіздемесі, зерттеулерді жоспарлау, салыстырмалы талдау жүргізу, зерттеу нәтижелерін қорыту, қорытындыларды тұжырымдау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру.

М. А. Әбішев – әдебиет деректерін талдау және қорыту, әдебиет деректерін жинау, деректерді жинау және жүйелеу, талдамалық-шолу зерттеуінің дизайнын әзірлеу, белгілі бір мәселелер бойынша кеңес беру.

Т. Т. Еспенова – қолжазбаны ресімдеу, шетелдік дереккөздермен жұмыс, мәтіннің зерттеу бөлігін дайындау және пысықтау.

Вклад авторов

К. Е. Тауенов – обоснование концепции исследования, планирование, проведение сравнительного анализа, обобщение результатов, формулировка выводов, интерпретация результатов исследования.

М. А. Абишев – сбор и систематизация данных источников, их анализ и обобщение, разработка дизайна обзорно-аналитического исследования, консультация по определенным вопросам.

Т. Т. Еспенова – оформление статьи, работа с зарубежными источниками, подготовка и доработка исследовательской части текста.

Contribution of authors

K. E. Tauyenov – substantiation of the research concept, research planning, comparative analysis, generalization of the research results, formulation of conclusions, interpretation of the research results.

M. A. Abishev – analysis and generalization of literature data, collection of literature data, collection and systematization of data, design development of a review and analytical study, consultation on certain issues, analysis and revision of the text, conceptualization of findings.

T. T. Yespenova – design of the article, work with foreign sources, preparation and revision of the research part of the text.

Дереккөздер тізімі

Әбдіқұлы, Төлен. *Әке: Повестер мен әңгімелер*. Алматы: Қайнар, 2005.

Букина, Виктория. «Роль киноискусства в социально-нравственном и духовном воспитании детей на примере фильма «мальчик в полосатой пижаме». *Молодой ученый*, № 1 (135), 2017, с. 21-25, moluch.ru/archive/135/37734/. Дата доступа: 30 апреля 2021.

Жанатаев, Данат және Агила Әзиева. «Қарттар үйі мен балалар үйі қара шаңырақ па?» *Адырна*, 01 мамыр 2020, adyrna.kz/post/36663. Дата доступа: 30 апреля 2021.

Жұмагелдин, Жангелді. «Төлен Әбдіқұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі». *Қарағанды университетінің хабаршысы*, №2, 2015, 92–98 б.

Кинематография туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 212-VI ҚРЗ. adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212. Дата доступа: 30 апреля 2021.

Кубрак, Тина и Таисия Гребенщикова. «Влияние кино на представления молодежи о пожилых людях». *Вестник РУДН. Серия: Психология и педагогика*, т. 15, № 2, 2018, с. 178–191.

Кулмагамбетова, Светлана. «Воспитание через формирование патриотизма». *Вестник Саратовского государственного технического университета*, № 3 (67), 2012, с. 243–246.

Лосева Полина. *Против часовой стрелки: Что такое старение и как с ним бороться*. Москва, Альпина нон-фикшн, 2020.

Өрісбай, Жолдас. «Қарттардың үйінде қазақтың саны көбеюінің себебі неде?» *Massaget*, 05 қыркүйек 2017, massaget.kz/arnayyi_jobalar/habar/47934/. Дата доступа: 30 апреля 2021.

Пушкина, Алена. «Влияние художественной литературы на формирование идеалов современной российской молодежи». *Социальная психология и общество*, 2014, № 2, с. 152–157.

Сергеева, Тамара. *Формирование толерантности к старению в современном обществе*. Германия, LAP Lambert Academic Publishing, 2014.

Турсунов, Ермек. «Шырақшы – Хранитель». *Официальный сайт АО «Казахфильм»*, 2018, www.kazakhfilmstudios.kz/movies/10000/. Дата доступа: 30 апреля 2021.

Яковенко, Ирина и Елена Ковалева. «Формирование у молодёжи уважительного отношения к пожилым людям как социологическая и этнопедагогическая проблема», *Вестник КРАУНЦ: гуманитарные науки*, № 1-25, 2015, с. 46–54.

Rand, Ayn. *Atlas Shrugged*. Random House, 1957.

Tolen, Zhengisbek, et al. "The Role of Outstanding Personalities in the Kazakh Society: Comparative Analysis of the Kazakh Traditional Social Culture." *The Anthropologist*, vol. 25, no. 1-2, pp. 95–102, DOI: 10.1080/09720073.2016.11892093.

References

Abdikuly Tolen. *Otets: Povesti i rasskazy [Father: Novels and Stories]*. Almaty, Kainar, 2005.

Bukina, Victoria. "Rol' kinoiskusstva v sotsial'no-nravstvennom i dukhovnom vospitanii detei na primere fil'ma Mal'chik v polosatoi pizhame" ["The role of cinema in the social, moral and spiritual education of children on the example of the film The boy in striped pajamas"]. *Molodoi uchenyi [Young scientist]*, no. 1, (135), 2017, pp. 21–25. Available at: moluch.ru/archive/135/37734/. Access date: April 30, 2021.

Kubrak, Tina and Taisiya Grebenshchikova. "Vliyanie kino na predstavleniya molodezhi o pozhilykh lyudyakh" ["The impact of cinema on youth perceptions of elderly people"]. *Bulletin of RUDN. Psychology and pedagogy series*, vol. 15, no. 2, 2018, pp. 178–191.

Kulmagambetova, Svetlana. "Vospitanie cherez formirovanie patriotizma" ["Education through the formation of patriotism"]. *Bulletin of the Saratov State Technical University*, no. 3 (67), 2012, pp. 243–246.

Loseva, Polina. *Protiv chasovoi strelki: Chto takoe starenie i kak s nim borot'sya [Counterclockwise: What is aging and how to deal with it]*. Moscow: Alpina non-fiction, 2020.

Orisbai, Zholdas. "V chem prichina uvelicheniya kolichestva kazakhov v domakh prestarelykh?" ["What is the reason for the increase in the number of Kazakhs in nursing homes?"]. *Massaget*, 05 September 2017, massaget.kz/arnayyi_jobalar/habar/47934/. Access date: April 30, 2021.

Pushkina, Alena. "Vliyanie khudozhestvennoi literatury na formirovanie idealov sovremennoi rossiiskoi molodezhi" ["The influence of fiction on the formation of the ideals of modern Russian youth"]. *Sotsial'naya psikhologiya i obshchestvo [Social psychology and society]*, no. 2, 2014, pp. 152–157.

Rand, Ayn. *Atlas Shrugged*. Random House, 1957.

Sergeyeva, Tamara. *Formirovanie tolerantnosti k stareniyu v sovremennom obshchestve [Formation of tolerance to aging in modern society]*. Germany: LAP – Lambert Academic Publishing, 2014.

Tolen, Zhengisbek, et al. "The Role of Outstanding Personalities in the Kazakh Society: Comparative Analysis of the Kazakh Traditional Social Culture." *The Anthropologist*, vol. 25, no. 1-2, pp. 95–102, DOI: 10.1080/09720073.2016.11892093.

Tursunov, Ermek. Shyraqshy – Khranitel' [The keeper], 2018. Available at the official site of *Kazakhfilm JSC*, 2018, www.kazakhfilmstudios.kz/movies/10000/. Access date: April 30, 2021.

Yakovenko, Irina and Elena Kovaleva. "Formirovanie u molodezhi uvazhitel'nogo otnosheniya k pozhilym lyudyam kak sotsiologicheskaya i etnopedagogicheskaya problema" ["Formation of respectful attitude towards older people among young people as a sociological and ethnopedagogical problem"]. *Zhurnal Vestnik KRAUNTS. Gumanitarnye nauki [KRAUNTS Bulletin. Humanities]*, no. 1-25, 2015, pp. 46–54.

Zakon Respubliki Kazakhstan "O kinematografii" [Law of the Republic of Kazakhstan "On Cinematography"], no. 212-VI ZRK, dated January 3, 2019, Available at: adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000212. Access date: April 30, 2021.

Zhanatayev, Danat and Aguila Azieva. "Dom prestarelykh i detskii dom chernyi Shanyrak?" ["Nursing home and orphanage Black Shanyrak?"]. *Adyrna*, May 01, 2020, adyrna.kz/post/36663. Access date: April 30, 2021.

Zhumageldin, Zhangeldi. "Problema cheloveka i obshchestva v proze Tolena Abdikuly" ["The problem of man and society in the prose of Tolen Abdikuly"]. *Bulletin of the Karaganda University*, №2, 2015, pp. 92–98.

Канатбек Тауенов, Майдан Абишев

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Толкын Еспенова

Казахская национальная академия искусств имени Т. К. Жургенова
(Алматы, Казахстан)

ВЛИЯНИЕ ИСКУССТВА НА АДАПТАЦИЮ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ К ФЕНОМЕНУ СТАРОСТИ

Аннотация. Влияние искусства на воспитание подрастающего поколения рассматривается не только с позиции искусствоведения, но и гуманитарных наук, так как человек и есть творец этого искусства. От образованности и самое главное высокой культуры общества зависит его процветание и развитие. В этом ключе художественная культура народа и шедевры кинематографии, снятые или воодушевленные этими произведениями, являются мощным средством воспитания будущего страны.

Пожилые люди обладают опытом и пониманием того, что необходимо обществу для его эволюции. Для качественного исследования были подобраны и проанализированы научные статьи по вопросам геронтологии, социальной адаптации и искусствоведения. Примеры, предложенные в статье, раскрывают облик современной художественной литературы и кинематографии, способствуют формированию уважения к людям старшего поколения.

Уважительное отношение молодого поколения к мудрости, знаниям, духовной культуре – основа процветания государства. Государство – это его народ, язык, традиции. Возрождение и сохранение культурного кода нации – основной приоритет любого постсоветского государства. Анализ некоторых произведений, положительно отмеченных критиками и экспертами, был взят за основу в качестве положительных примеров, повлиявших на взгляды и убеждения молодых людей, ознакомившихся с данными произведениями.

Эффективность воспитательного процесса через призму художественной литературы и кинематографии была отмечена как отечественными учеными, так и зарубежными. Их вклад в определение адаптации к пожилому возрасту и адаптационного процесса в отношениях с молодым поколением – основа всех исследований социологов и искусствоведов, изучающих связь искусства с обществом.

Долгожданная независимость стала дорогой к исполнению мечты предков о едином независимом государстве. Его дальнейшая судьба в руках молодого поколения, которое будет высоко держать это знамя и нести его гордо в новом мире. Доверить будущее страны молодежи, которая чтит традиции предков, уважительно относится к пожилым членам общества, знакома с материальной и духовной культурой страны и считает ее основой государственности – это должно стать приоритетом.

Ключевые слова: пожилые люди, молодежь, искусство, литературные произведения, кино, воспитание, культурный код нации.

Для цитирования: Тауенов, Канатбек и др. «Влияние искусства на адаптацию пожилых людей к феномену старости». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 6, № 2, 2021, с. 77–92. DOI: 10.47940/cajas.v6i2.420.

Kanatbek Tauyenov, Maidan Abishev

Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)

Tolkyn Yespenova

T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

THE INFLUENCE OF ART ON THE ADAPTATION OF THE ELDERLY TO THE PHENOMENON OF OLD AGE

Abstract. The influence of art on the education of the younger generation is considered not only from the point of view of art history, but also from the point of view of the humanities, since the individual person is the creator of this art. The prosperity and development of a society depends on its education and, most importantly, on its high culture. In this sense, the artistic culture of a people and the masterpieces of cinematography shot or inspired by these works are a powerful means of educating the future of the country.

Older people as a part of society have the experience and understanding of what society needs for its evolution. For a qualitative study, scientific articles on gerontology, social adaptation, and art history were selected and analyzed. The examples offered in the article reveal the appearance of modern fiction and film-making, which contributes to the formation of respect for the people of the older generation.

A respectful attitude of the younger generation to wisdom, knowledge, and spiritual culture is the basis for the prosperity of the state. The state is its people, language, and traditions. The revival and preservation of the cultural code of the nation is the main priority of any post-Soviet state. The analysis of some works positively noted by critics and experts was taken as a basis as positive examples that influenced the views and beliefs of young people who got acquainted with these works.

The effectiveness of the educational process through the prism of art literature and cinematography was noted by both domestic and foreign scientists. Their contribution to the definition of adaptation to old age and the adaptation process in relations with the younger generation is the basis of all research by sociologists and art historians studying the relationship of art with society.

The long-awaited Independence of Kazakhstan became the road to the fulfillment of the ancestral dream of a single independent state. Its future fate is in the hands of the younger generation, who will hold this banner high and carry it proudly in a completely new world. Entrusting the future of the country to young people who honor the traditions of their ancestors, respect the elderly members of society, are familiar with the material and spiritual culture of the country and consider it the basis of statehood should be a priority.

Keywords: elderly people, youth, art, literary works, cinema, education, cultural code of the nation.

Cite: Tauyenov, Kanatbek, et al. "The influence of art on the adaptation of the elderly to the phenomenon of old age". *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 6, no. 2, 2021, pp. 77–92. DOI: 10.47940/cajas.v6i2.420.

Авторлар туралы мәлімет:

Қанатбек Ергазыұлы Тауенов — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының 3 курс докторанты (Алматы, Қазақстан)

Майдан Айтмағамбетұлы Әбішев — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор (Алматы, Қазақстан)

Толқын Тұрсынқызы Еспеннова — Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, көркемсурет кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Қанатбек Ергазыевич Тауенов — докторант 3-го курса кафедры политологии и социально-философских дисциплин Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0002-6458-9999
email: ktauenov@mail.ru

Майдан Айтмағамбетович Абишев — доктор социологических наук, профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0001-6697-2943
email: abishev1943@mail.ru

Толқын Турсыновна Еспеннова — магистр педагогики, старший преподаватель кафедры изящных искусств Казахской национальной академии искусств имени Т. К. Жүргенова (Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0002-1076-6435
email: tolkyn_espenova@mail.ru

Authors' bio:

Kanatbek Ye. Tauenov — 3rd year Doctoral Student, Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Maidan A. Abishev — Doctor of Social Sciences, Professor, Department of Political Science and Socio-Philosophical Disciplines, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

Tolkyn T. Yespenova — Master of Pedagogy, Senior Lecturer, Department of Fine Arts, T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)